

ҚБТУ ИМЖ КС 61-5-23



**«ҚАЗАҚСТАН-БРИТАН ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
ИМЖ КОРПОРАТИВТІК СТАНДАРТЫ**

**«ҚАЗАҚСТАН-БРИТАН ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» АҚ
ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

ҚБТУ ИМЖ КС 61-5-23

Алматы қ.

ҚБТУ ИМЖ КС 61-5-23

Алғы сөз

Осы «Қазақстан-Британ техникалық университеті» АҚ Жас ғалымдар кеңесі туралы ереже» корпоративтік стандарты «Қазақстан-Британ техникалық университеті» акционерлік қоғамының интеграцияланған менеджмент жүйесі (бұдан әрі – ИМЖ) құжаттамасының құрамдас бөлігі болып табылады және ISO 9001:2015, ISO 14001:2015, ISO 45001: 2016 серияларындағы халықаралық стандарттар талаптарының сақталуын тәртіптейді.

Жалпы мәліметтер

Ғылым және инновация департаментінде
ӘЗІРЛЕНГЕН ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛГЕН

«Қазақстан-Британ техникалық университеті» акционерлік қоғамы Басқармасының
2023 жылғы 16 қазандағы №23 шешімімен
БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ

МАЗМҰНЫ

1. МАҚСАТЫ	4
2. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ	4
3. ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР және ҚЫСҚАРТУЛАР	4
4. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	4
5. КЕҢЕСТІҢ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ	5
6. КЕҢЕСТІҢ ӨКІЛЕТТІКТЕРІ	6
7. КЕҢЕС МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ	6
8. ҚБТУ ЖҒК МӘЖІЛІСТЕРІН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ	6
9. ЖАУАПКЕРШІЛІК	7
10. ҚҰЖАТТАРҒА СІЛТЕМЕЛЕР	7
11. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР	7
12. 1-ҚОСЫМША	8

ҚБТУ ИМЖ КС 61-5-23

1. МАҚСАТЫ

1.1 Осы «Қазақстан-Британ техникалық университеті» АҚ Жас ғалымдар кеңесі туралы» ереже (бұдан әрі - Ереже) корпоративтік стандарт отандық ғылымды танымал ету және Университеттің ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметіне қатысу арқылы жас ғалымдардың шығармашылық және ғылыми белсенділігін дамыту мақсатында консультативтік-кеңесші қызметті жүзеге асыру және құрылымдық бөлімшелермен жұмыста үйлестіру үшін әзірленген.

2. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

2.1 Осы Ереженің талаптары ҚБТУ-дың барлық бөлімшелеріне және оқу және әкімшілік процеске тартылған лауазымды тұлғаларға қолданылады.

3. ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

3.1 Осы Ережеде келесі терминдер және оларға сәйкес анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

- 1) **ҚБТУ, Университет** – «Қазақстан-Британ техникалық университеті» акционерлік қоғамы;
- 2) **ИМЖ КС (корпоративтік стандарт)** - менеджмент жүйелері саласындағы халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес ҚБТУ ИМЖ ішкі құжаттарын құру жөніндегі жалпы нормалар мен принциптер, сондай-ақ ҚБТУ регламенттейтін құжаттарының жиынтығы;
- 3) **ИМЖ** (интеграцияланған менеджмент жүйесі) - ISO 9001:2015 сапаға, ISO 14001:2015 экологияға және ISO 45001:2016 еңбекті қорғауға қатысты ҚБТУ басшылығы мен басқаруға арналған менеджмент жүйесі;
- 4) **ЖҒК** – Жас ғалымдар кеңесі;
- 5) **ҒТК** – Ғылыми-техникалық кеңес;
- 6) **ҚР** – Қазақстан Республикасы.

4. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1 ЖҒК қызметінің мақсаты жас ғалымдардың кәсіби өсуін жандандыру, өзекті ғылыми проблемаларды әзірлеу және басым ғылыми міндеттерді шешу үшін олардың күш-жігерін біріктіру, жас ғалымдардың инновациялық қызметін дамыту болып табылады.

4.2. ЖҒК өз жұмысында 10-тармақта көрсетілген заңнамалық және құқықтық актілерді басшылыққа алады. ЖҒК ғылыми-білім беру саласы мәселелері бойынша сараптамалық-кеңесшілік функцияларды орындайды және ҚБТУ жас ғалымдарының ұстанымдары мен мүдделерін білдіреді. ҚБТУ ұйымдық және техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады. ЖҒК қызметін ҚБТУ ғылым және инновациялар жөніндегі проректоры қадағалайды.

4.3. Көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу үшін ЖҒК келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- жас ғалымдардың ғылыми зерттеулерін ұйымдастыруда ҚБТУ қызметін үйлестіреді және қажетті ақпараттық көмек көрсетеді;
- жас ғалымдар қатыса алатын ғылыми конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер, көрмелер, форумдар және басқа да іс-шараларды ұйымдастырады және өткізеді;
- жас ғалымдардың күштерімен қазіргі ғылымның өзекті және іс жүзінде маңызды міндеттерін шешуге бағытталған пәнаралық кешенді ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру үшін жас ғалымдар арасындағы тікелей байланыстарды дамытуға жәрдемдеседі;

ҚБТУ ИМЖ КС 61-5-23

- жас ғалымдарды қазақстандық және шетелдік ұйымдар жүргізетін ғылыми зерттеулер мен іс-шаралар туралы ақпараттандыру жұмыстарын жүргізеді;
- жас ғалымдардың инновациялық қызметін қолдайды және ынталандырады, жас ғалымдардың жобалары бойынша инвестициялық бағдарламалар мен ұсыныстарға қатысты қызметті ұйымдастырады және жүзеге асырады;
- университеттің жас ғалымдарын ғылыми, білім беру және қоғамдық қызметтегі ерекше жетістіктері үшін көтермелеуге ұсынымдар дайындайды;
- қойылған мақсаттарға сәйкес келетін және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы Ережеге қайшы келмейтін басқа да қызмет түрлерін жүзеге асырады;
- докторанттардың диссертациялық кеңесте негізгі қорғау алдында диссертациялық жұмыстарын тыңдайды.

5.КЕҢЕСТІҢ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

5.1. ЖҒК мүшелерінің саны 30 адамнан аспауы тиіс. ЖҒК құрамы ҚБТУ мектептерінен, департаменттерінен және ғылыми-зерттеу бөлімшелерінен берілген 40 жасқа дейінгі жас ғалымдардан, мамандардан құралады.

5.2. ЖҒК құрамы ҚБТУ Ғылым және инновациялар жөніндегі проректорының келісімі бойынша ҚБТУ Ректорының (Басқарма Төрағасы) бұйрығымен бекітіледі. ЖҒКУ төрағасы ЖҒК мүшелерінің ашық дауыс беруі арқылы сайланады.

5.3. ҚБТУ Кеңесінің құрамына төрағаның екі орынбасары, хатшы және Кеңес мүшелері кіреді. ЖҒК құрамына ғылыми дәрежесі жоқ жас ғалымдардың 1/3 бөлігі кіруі мүмкін. ЖҒК құрамы әр 3 жыл сайын жаңартылып отырады.

5.4. ЖҒК мүшесінің өкілеттігін тоқтату себептерін көрсету арқылы, осы мәселе бойынша ЖҒК мүшелерінің пікірін ескере отырып жүзеге асырылады.

5.5. ЖҒК төрағасы жыл сайын жалпы жиналыста есеп береді және жылдың 20 желтоқсанынан кешіктірмей ҚБТУ ғылым және инновациялар департаментіне орындалған жұмыстар туралы жылдық есеп ұсынады.

5.6. ЖҒК өзіне жүктелген негізгі міндеттерге сәйкес жыл сайын ҚБТУ ғылым және инновациялар департаментіне ағымдағы жылдың 01 ақпанынан кешіктірмей жылдық жұмыс жоспарын ұсынады. ЖҒК мүшелері оның жұмысына қоғамдық негізде қатысады, оның мәжілістеріне ауыстыру құқығынсыз қатысады. ЖҒК мәжілістері қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде 1 рет өткізіледі.

5.7. ЖҒК мәжілісі, егер оған Кеңестің бекітілген тізімдік құрамының кемінде 2/3 мүшесі қатысса, заңды болады. ЖҒК шешімдері мәжіліске қатысып отырған мүшелердің жалпы санының жай көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Талқыланатын мәселе бойынша дауыстар тең болған жағдайда төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады.

5.8. ЖҒК шешімдері хаттамамен ресімделеді, оған ЖҒК төрағасы мен хатшысы қол қояды. ЖҒК қызметі ҚБТУ басшылығының шешімі бойынша оны қайта ұйымдастыру немесе тарату арқылы тоқтатылады.

6. КЕҢЕСТІҢ ӨКІЛЕТТІКТЕРІ

6.1. ЖҒК-ның барлық мүшелері тең құқықтарға ие .

6.1.1. Өзіне жүктелген міндеттерді шешу мақсатында ЖҒК келесі құқықтарға ие:

- жас ғалымдар мен мамандарды қолдаудың тұтас жүйесін құруға байланысты мәселелер бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар енгізуге;
- проблемалық мәселелерді талқылауға қатысу үшін ҚБТУ мамандарын, ғалымдарын, тәуелсіз сарапшыларын, білім алушылар мен ОПК-ны тартуға;

ҚБТУ ИМЖ КС 61-5-23

- ҚБТУ Ғылыми кеңесі мен ҒТК мәжілістерінің күн тәртібіне жас ғалымдардың проблемаларына қатысты мәселелерді енгізуге;
- ғылыми және қоғамдық өмірдің түрлі мәселелері бойынша бастамалар жасауға, ҚБТУ жас ғалымдарына қатысты шешімдерді әзірлеуге қатысуға;
- республикалық және өңірлік деңгейлерде жас ғалымдардың қатысуымен ғылыми іс-шаралар өткізуге бастамашылық жасауға.

7.КЕҢЕС МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

7.1 ЖҒК мүшелері құқылы:

- ЖҒК істерін басқаруға қатысуға, ЖҒК басшылығына сайлауға және сайлануға;
- ЖҒК қызметі туралы ақпарат алуға;
- оның қызметіне қатысты мәселелер бойынша ЖҒК басшылығына жүгінуге;
- қызметтің басым бағыттарын таңдауға;
- талқыланатын мәселелердің мәні бойынша ұсыныстар, ескертулер мен түзетулер енгізуге, жарыссөзге қатысуға.

7.2. ЖҒК мәжілістерінде қаралатын барлық мәселелер бойынша ЖҒК мүшесі шешуші дауыс құқығын пайдаланады.

7.3 ЖҒК мүшелері міндетті:

- осы Ережені сақтауға және ЖҒК шешімдерін орындауға;
- ЖҒК қызметіне атсалысуға;
- ҚБТУ Ғылым және инновациялар департаменті қызметкерлерінің сұраулары бойынша толық көлемде және белгіленген мерзімде жауап беруге және ақпарат беруге.

8.ҚБТУ ЖҒК МӘЖІЛІСТЕРІН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

8.1. Хатшылық ЖҒК мәжілістерін өткізуді ұйымдастыруды қамтамасыз етеді. ҚБТУ - да іске асырылып жатқан ғылыми-зерттеу және инновациялық қызмет саласындағы саясат, сондай-ақ ЖҒК мүшелерінің ұсыныстары және ол бұрын қабылдаған шешімдер негізінде ЖҒК мәжілістерінің күн тәртібінің жобасын қалыптастырады. ЖҒК мүшелерін ЖҒК кезекті мәжілісінің өтетін орны, уақыты және күн тәртібі туралы хабардар етеді және оларды қажетті материалдармен уақытылы қамтамасыз етеді.

8.2. Мәжіліс күн тәртібін бекітуден басталады. ЖҒК төрағасы мен оның орынбасары кез келген уақытта сөз сөйлеу үшін сөз алуға құқылы. Жарыссөзде сөйлейтін баяндаманың, қосымша баяндаманың уақыты ЖҒК мәжілісінің басында белгіленеді. Егер спикер сөз сөйлеуге бөлінген уақыттан асып кетсе немесе талқыланбаған мәселе бойынша сөз сөйлесе, төрағалық етуші бір ескертуден кейін оның сөзінен айыруы мүмкін.

8.3. Жарыссөз қатысып отырған ЖҒК мүшелерінің көпшілігі қабылдаған ЖҒК шешімі бойынша тоқтатылады. Жарыссөз тоқтатылғаннан кейін баяндамашы мен қосымша баяндамашының қорытынды сөз сөйлеуге құқығы

8.4. ЖҒК мәжілістері хаттамамен ресімделеді, оған отырыста ЖҒК төрағасы және ЖҒК хатшысы қол қояды.

8.5. ЖҒК шешімдері бекітілген күннен бастап екі апта ішінде Хатшылық хаттаманың көшірмелерін және өзге де қажетті материалдарды ЖҒК мүшелеріне және басқа да мүдделі тұлғаларға жібереді.

9. ЖАУАПКЕРШІЛІК

9.1. ЖҒК-нің әрбір мүшесі барлық мәжілістерге қатысуға, оның жұмысына белсенді қатысуға

ҚБТУ ИМЖ КС 61-5-23

міндетті.

9.2. ЖҒК Комитетінің әрбір мүшесі өзіне жүктелген тапсырманың уақытылы және дәл орындалуына жауапты болады.

9.3. ЖҒК хатшысы осы Ережеге 1-қосымшаның формасы бойынша ЖҒК мәжілістеріне келу парағын тиісінше толтыруға жауапты болады.

9.4. ЖҒК хатшысы ЖҒК мәжілісінің хаттамаларын тиісінше ресімдеуге және оларды сақтауға, хаттамалардан үзінді көшірмелер беруге жауапты болады.

10. ҚҰЖАТТАРҒА СІЛТЕМЕЛЕР

10.1. Осы Ереже келесі нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленді:

- 1) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңы;
- 2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің типтік ережелері;
- 3) Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы «Ғылым туралы» Заңы;
- 4) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы «ҒҒТҚН коммерцияландыру туралы» Заңы;
- 5) «ҚБТУ» АҚ 30.09.2020 ж. № 2 Жарғысы.

11. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

11.1. Осы Ереже ҚБТУ Басқармасының шешімімен бекітілген күннен бастап күшіне енеді.

11.2. Осы Ережеге кез келген өзгерістер және/немесе толықтырулар ҚБТУ Басқармасының шешімімен бекітілген кезден бастап күшіне енеді.

11.3. Осы Ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.

